

Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде киім-кешек қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2026 жылғы 13 қаңтардағы № 13 бұйрығы

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 60-17) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде киім-кешек қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдау.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

К. Тұрсынбаев

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
міндетін атқарушының
2026 жылғы 13 қаңтардағы
№ 13 бұйрығымен бекітілген

Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдеріндегі киім-кешек қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдеріндегі киім-кешек қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 60-17) тармақшасына сәйкес әзірленді және Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде (бұдан әрі – әскери бөлімдер) киім-кешек қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар:

- 1) киім-кешек қызметінің міндеттерін;
- 2) киім-кешекпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру және басқару қағидаттарын;
- 3) киім-кешек қызметі лауазымды адамдарының функциялары мен жауапкершілігін ;
- 4) киім-кешек мүлкін жоспарлау, есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару тәртібін;
- 5) қоймалардың, шеберханалардың және Киім-кешек қызметінің өзге де объектілерінің жұмысын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды;
- 6) мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету және белгіленген тәртіпті сақтау жөніндегі шараларды белгілейді.

1-параграф. Негізгі терминдер мен қысқартулар

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі терминдер мен қысқартулар қолданылады:

- 1) киім-кешек мүлкі – жеке құрамды қамтамасыз етуге арналған нысанды киім-кешек, аяқ киім, жарак, төсек-жабдықтар және өзге де материалдық құралдар;
- 2) киім-кешекпен қамтамасыз ету – киім-кешек мүлкін жоспарлау, алу, сақтау, беру, пайдалану, жөндеу, есепке алу және есептен шығару жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;
- 3) киім-кешек қызметі – киім-кешекпен қамтамасыз етуді ұйымдастыруға арналған әскери бөлімнің тыл қызметі;
- 4) киім-кешек қызметінің бастығы – киім-кешек қызметіне басшылық жасайтын және киім-кешекпен қамтамасыз етудің жай-күйіне жауапты лауазымды адам;
- 5) материалдық жауапты адам – киім-кешек мүлкінің сақталуына жауапкершілік жүктелген әскери қызметші немесе қызметкер.

2-параграф. Киім-кешек қызметінің қызметін ұйымдастыру қағидаттары

4. Киім-кешек қызметінің жұмысы мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) орталықтандырылған басқару және дара басшылық;
 - 2) жоспарлылық және жүйелілік;
 - 3) лауазымды адамдардың жеке жауапкершілігі;
 - 4) киім-кешек мүлкінің сақталуы және оны ұтымды пайдалану;
 - 5) жеке құрамды уақтылы және толық киім-кешекпен қамтамасыз ету;
 - 6) есептің ашықтығы және барлық операциялардың құжаттамалық расталуы;
 - 7) қауіпсіздік және санитариялық-гигиеналық талаптардың басымдығы.
5. Киім-кешек қызметінің жұмысын:

- 1) әскери бөлімдердің өз міндеттері бойынша дайын болуын;
- 2) жеке құрамның белгіленген сыртқы келбетін және жабдықтылуын;
- 3) бейбіт және ерекше кезеңде Киім-кешек мүлкін тиісті пайдалануға жағдай жасауды қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастырылады.

2-тарау. Киім-кешек қызметінің міндеттері мен функциялары

1-параграф. Киім-кешек қызметінің негізгі міндеттері

6. Әскери бөлімдердің Киім-кешек қызметі бейбіт уақытта және төтенше жағдайлар жағдайында жеке құрамды Киім-кешекпен қамтамасыз ету жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін ұйымдастыруға арналған.

7. Киім-кешек қызметінің негізгі міндеттері:

- 1) жеке құрамды белгіленген жабдықтау нормаларына сәйкес киім-кешек мүлкімен қамтамасыз ету;
- 2) жеке құрамның белгіленген сыртқы келбетін, жабдықтылуын және санитариялық жай-күйін сақтау;
- 3) киім-кешек мүлкін ұтымды пайдалануын, сақталуын және уақтылы жаңартылуын ұйымдастыру;
- 4) міндеттерді орындау үшін Киім-кешек мүлкі қорларының дайындығын қамтамасыз ету;
- 5) әскери бөлімдерді ерекше жұмыс режимдеріне көшіру кезінде Киім-кешекпен қамтамасыз етудің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- 6) киім-кешек мүлкіне қатысты бөлігінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын қамтамасыз етуге қатысу.

2-параграф. Киім-кешек қызметінің функциялары

8. Жүктелген міндеттерді орындау үшін киім-кешек қызметі:

- 1) киім-кешек қызметінің ағымдағы және перспективалық кезеңдерге арналған қызметін жоспарлайды;
- 2) киім-кешек мүлкін есепке алуды, сақтауды, беруді, пайдалануды, жөндеуді және есептен шығаруды ұйымдастырады;
- 3) белгіленген мерзімдерде киім-кешек мүлкін түгендеуді уақтылы жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 4) киім-кешек қоймаларының, қойма бөлмелерінің, шеберханалардың және өзге де объектілердің жұмысын ұйымдастырады;
- 5) киім-кешек қызметі объектілерінде еңбек қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі және санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді;
- 6) киім-кешекпен қамтамасыз етудің жай-күйін талдайды және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

7) әскери бөлімдерді төтенше жағдайлар жағдайында міндеттерді орындауға дайындауға қатысады;

8) материалдық жауапты адамдарды киім-кешек мүлкінің сақталуы мен пайдаланылуы мәселелері бойынша оқыту мен нұсқама жүргізуді ұйымдастырады.

3-параграф. Ерекше жағдайлардағы киім-кешек қызметінің функциялары

9. Ерекше режимдер енгізілген, төтенше жағдайлар кезінде немесе төтенше жағдайлар аймағында міндеттерді орындау барысында Киім-кешек қызметі қосымша:

1) жеке құрамды киім-кешек мүлкімен жедел дайындауды және беруді қамтамасыз етеді;

2) қажет болған жағдайда далалық киім-кешекпен қамтамасыз ету пункттерін орналастырады;

3) киім-кешек мүлкінің қозғалысын есепке алуды және пайдаланудың жоғары қарқындылығы жағдайында бақылауды қамтамасыз етеді;

4) далалық жағдайларда киім-кешек мүлкін қалпына келтіру және жөндеу жөнінде шаралар қабылдайды;

5) жеке құрамды кешенді қамтамасыз ету мәселелері бойынша тылдың басқа қызметтерімен өзара іс-қимылға қатысады.

4-параграф. Киім-кешек қызметін дамытудың заманауи тәсілдері мен элементтері

10. Киім-кешек қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында мынадай заманауи тәсілдерді енгізуге жол беріледі:

1) киім-кешек мүлкін есепке алудың электрондық жүйелерін және автоматтандырылған деректер базаларын қолдану;

2) киім-кешек мүлкін сақтау мен жинақтаудың модульдік қағидатын пайдалану;

3) нақты тозуы мен пайдалану жағдайларын ескере отырып, мүлікті жоспарлы жаңарту;

4) киім-кешек мүлкі заттарын іріктеу кезінде эргономика және функционалдылық стандарттарын енгізу.

11. Киім-кешек қызметіндегі жаңашылдықтар:

1) жеке құрамға түсетін жүктемені азайтуға;

2) киім-кешек мүлкін пайдаланудың қолайлылығы мен қауіпсіздігін арттыруға;

3) жоғалтуларды, жетіспеушіліктерді және негізсіз есептен шығаруды қысқартуға;

4) киім-кешекпен қамтамасыз ету үдерістерінің ашықтығы мен басқарылуын арттыруға бағытталады.

3 тарау. Киім-кешек қызметін басқаруды ұйымдастыру және лауазымды адамдардың міндеттері

1-параграф. Әскери бөлімнің киім-кешек қызметіне басшылық жасау

12. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімінің Киім-кешек қызметінің жұмысынан жалпы басшылықты әскери бөлімнің командирі жүзеге асырады.

13. Әскери бөлімнің командирі өз өкілеттігі шегінде:

1) киім-кешек қызметінің жұмысын ұйымдастырады және оның жұмыс істеуіне жағдай жасайды;

2) қалыптасқан жағдай мен орындалатын міндеттерге байланысты киім-кешек қызметінің міндеттерін айқындайды;

3) киім-кешек қызметінің жұмыс жоспарларын бекітеді;

4) киім-кешек қызметінің тылдың басқа қызметтерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

5) жеке құрамды Киім-кешекпен қамтамасыз етудің жай-күйіне бақылау жүргізеді.

2-параграф. Әскери бөлім командирінің тыл жөніндегі орынбасары

14. Киім-кешек қызметінің жұмысына тікелей басшылық әскери бөлім командирінің тыл жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

15. Тыл жөніндегі орынбасар:

1) киім-кешек қызметінің жұмысын жоспарлау мен үйлестіруді ұйымдастырады;

2) киім-кешекпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша әскери бөлім командирі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

3) киім-кешек қызметінің азық-түлік, медициналық және өзге де тыл қызметтерімен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

4) күнделікті жағдайда және төтенше жағдайлар кезінде киім-кешек қызметінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;

5) киім-кешек қызметінің бастығы енгізген ұсыныстарды қарайды және олар бойынша белгіленген тәртіппен шешім қабылдайды.

3-параграф. Әскери бөлімнің Киім-кешек қызметінің бастығы

16. Әскери бөлімнің киім-кешек қызметінің бастығы киім-кешек қызметінің жұмысын ұйымдастыратын негізгі лауазымды адам болып табылады және әскери бөлім командирінің тыл жөніндегі орынбасарына бағынады.

17. Киім-кешек қызметінің бастығы:

1) киім-кешек қызметін ұйымдастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің, бұйрықтардың, ережелердің, нұсқаулықтар мен басшылық құжаттардың талаптарын біледі және күнделікті қызметінде оларды басшылыққа алады;

2) киім-кешек қызметінің жұмысын ұйымдастырады және оның тұрақты жұмыс істеуіне жауап береді;

3) қызметтің айлық, тоқсандық және жылдық жоспарларын әзірлейді;

- 4) киім-кешек мүлкін есепке алу, сақтау, пайдалану, жөндеу және есептен шығаруды ұйымдастырады;
- 5) киім-кешек мүлкін сақтау және пайдалану қағидаларының сақталуын бақылайды;
- 6) белгіленген мерзімдерде киім-кешек мүлкін түгендеуді ұйымдастырады;
- 7) киім-кешек қызметі объектілерінің ерекше жағдайларда жұмыс істеуге дайындығын қамтамасыз етеді;
- 8) киім-кешекпен қамтамасыз етуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды бағыныстылығы бойынша баяндайды;
- 9) материалдық жауапты адамдарды киім-кешек қызметі мәселелері бойынша оқыту мен нұсқама жүргізуді ұйымдастырады.

4-параграф. Киім-кешек қызметінің лауазымды адамдары

18. Киім-кешек қызметінің лауазымды адамдарына қойма бастықтары, қоймашылар, шеберхана меңгерушілері, сондай-ақ киім-кешек мүлкін қамтамасыз ету, сақтау және есепке алу жөніндегі міндеттер жүктелген өзге де адамдар жатады.

19. Киім-кешек қызметінің лауазымды адамдары:

- 1) киім-кешек мүлкін есепке алу, сақтау және пайдалану тәртібін біледі;
- 2) өздеріне бекітілген киім-кешек мүлкінің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 3) есепке алу құжаттамасын белгіленген тәртіппен жүргізеді;
- 4) киім-кешек мүлкінің бүлінуін, жоғалуын және мерзімінен бұрын тозуын болдырмау шараларын қабылдайды;
- 5) анықталған кемшіліктер мен проблемалар туралы киім-кешек қызметінің бастығына уақтылы хабарлайды.

5-параграф. Бөлімшелердің материалдық жауапты адамдары

20. Әскери бөлімнің бөлімшелерінде бөлімшеге бекітілген Киім-кешек мүлкінің сақталуы мен дұрыс пайдаланылуына жауапты материалдық жауапты адамдар тағайындалады.

21. Материалдық жауапты адамдар:

- 1) бекітілген киім-кешек мүлкінің атауын және нақты бар-жоғын біледі;
- 2) бөлімшеде киім-кешек мүлкін дұрыс сақтау мен пайдалануды қамтамасыз етеді;
- 3) бөлімше мүлкін есепке алады және есептік деректердің нақты бар мүлікке сәйкестігін қамтамасыз етеді;
- 4) киім-кешек мүлкін жөндеуге уақтылы тапсыруды және белгіленген тәртіппен есептен шығаруды ұйымдастырады;
- 5) киім-кешекпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша түгендеулер мен тексерулерге қатысады.

6-параграф. Киім-кешек қызметінің бөлімшелермен өзара әрекет етуі

22. Киім-кешек қызметі бөлімше командирлерімен мынадай мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасайды:

- 1) жеке құрамды киім-кешек мүлкімен қамтамасыз ету;
- 2) белгіленген сыртқы келбет пен санитариялық жай-күйді сақтау;
- 3) киім-кешек мүлкін есепке алу және ұтымды пайдалану;
- 4) бөлімшелерді ерекше жағдайларда міндеттерді орындауға дайындау.

23. Бөлімше командирлері:

- 1) жеке құрамның киім-кешек мүлкін пайдалану қағидаларын сақтауын қамтамасыз етеді;
- 2) бөлімшеге бекітілген киім-кешек мүлкінің сақталуына шаралар қабылдайды;
- 3) тексерулер мен түгендеулер жүргізу кезінде киім-кешек қызметінің жұмысына жәрдем көрсетеді.

4-тарау. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдеріндегі киім-кешек қызметі объектілерінің жұмысын ұйымдастыру

1-параграф. Жалпы ережелер

24. Әскери бөлімнің киім-кешек қызметі объектілеріне киім-кешек қоймалары, бөлімшелердің қоймалық бөлмелері, киім-кешек мүлкін жөндеу шеберханалары, мүлікті қабылдау, сұрыптау және беру үшін арналған үй-жайлар жатады.

25. Киім-кешек қызметі объектілерінің жұмысы төмендегілерді қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастырылады:

- 1) киім-кешек мүлкінің сақталуы;
- 2) бөлімшелер мен жеке құрамға уақтылы және ыңғайлы қызмет көрсету;
- 3) санитариялық нормалар, өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының сақталуы;
- 4) объектілердің ерекше және төтенше жағдайларда жұмыс істеуге дайын болуы.

26. Киім-кешек қызметі объектілерін орналастыру әскери бөлімнің жоспарлануын, қауіпсіздік талаптарын және мүлікті жеткізудің қолайлылығын ескере отырып жүзеге асырылады.

2-параграф. Әскери бөлімнің киім-кешек қоймалары

27. Киім-кешек қоймасы әскери бөлімдегі киім-кешек мүлкін сақтаудың негізгі объектісі болып табылады.

28. Киім-кешек қоймасының бастығы:

- 1) киім-кешек мүлкін атаулары, өлшемдері, маусымдылығы және арналуына қарай сақтауды ұйымдастырады;
- 2) жаңа, пайдаланылған және жөндеуге жататын мүлікті бөлек сақтауды қамтамасыз етеді;

3) қоймалық есеп жүргізуді ұйымдастырады және оның нақты бар болуына сәйкестігін қамтамасыз етеді;

4) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, бүлінуіне, жоғалуына және ұрлануына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

5) өртке қарсы талаптар мен санитариялық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

29. Киім-кешек мүлкі міндетті түрде таңбаланған стеллаждарда, поддондарда немесе контейнерлерде орналастырылады.

30. Қоймада:

1) мүлікті қабылдау және беру аймақтары;

2) жөндеуге немесе есептен шығаруға жататын мүлікті уақытша сақтау аймақтары;

3) персоналдың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін өту жолдары мен эвакуациялық шығу жолдары жабдықталады.

3-параграф. Бөлімшелердің қоймалық бөлмелері

31. Бөлімшелердің қоймалық бөлмелері пайдаланудағы немесе бөлімшенің ағымдағы қорындағы киім-кешек мүлкін сақтауға арналған.

32. Бөлімшелердің қоймалық бөлмелерінде:

1) бөлімшенің жеке құрамына бекітілген мүлік сақталады;

2) мүлікті түрлері мен арналуына қарай орналастыру тәртібі қамтамасыз етіледі;

3) мүліктің бүлінуін болдырмайтын жағдайлар жасалады.

33. Бөлімшенің қоймалық бөлмесінің жай-күйі үшін бөлімше командирі және тағайындалған материалдық жауапты тұлға жауапты болады.

4-параграф. Киім-кешек мүлкін жөндеу шеберханалары

34. Киім-кешек мүлкін жөндеу шеберханалары киім-кешек, аяқ киім және өзге де киім-кешек мүлкінің пайдалану мерзімін қалпына келтіруге және ұзартуға арналған.

35. Шеберханалардың жұмысы төмендегілерді ескере отырып ұйымдастырылады:

1) маусымдық жүктемелер;

2) мүліктің нақты жай-күйі;

3) ерекше жағдайларда жедел жөндеу қажеттілігі.

36. Шеберханаларда:

1) киім-кешек мүлкінің ағымдағы және орташа жөндеу түрлері жүргізіледі;

2) еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптары сақталады;

3) қабылданған және жөнделген мүліктің есебі ұйымдастырылады.

5-параграф. Санитарлық және өртке қарсы талаптар

37. Киім-кешек қызметінің барлық объектілерінде:

- 1) үй-жайларды тұрақты тазалау және желдету;
- 2) мүлікті ылғалдан, ластанудан және зиянкестерден қорғау;
- 3) алғашқы өрт сөндіру құралдарының болуы;
- 4) белгіленген өртке қарсы арақашықтықтар мен өту жолдарының сақталуы қамтамасыз етіледі.

38. Киім-кешек қызметі объектілерінің персоналы белгіленген тәртіппен өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқамадан өтеді.

6-параграф. Жұмысты ұйымдастырудағы заманауи тәсілдер мен жаңашылдықтар

39. Киім-кешек қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында төмендегілерді енгізуге жол беріледі:

- 1) киім-кешек мүлкін есепке алудың электрондық нысандары;
- 2) штрих-кодтар немесе RFID-таңбалар арқылы мүлікті таңбалау;
- 3) типтік стеллаждық және контейнерлік сақтау жүйелері;
- 4) үнемді сақтау және логистика қағидаттары.

40. Заманауи технологияларды пайдалану:

- 1) шығындар мен есеп қателіктерін азайтуға;
- 2) мүлікті беру және қабылдау процестерін жеделдетуге;
- 3) киім-кешек қызметінің ашықтығы мен басқарылуын арттыруға бағытталады.

5-тарау. Киім-кешек мүлкін есепке алу, сақтау және пайдалану

1-параграф. Жалпы ережелер

41. Киім-кешек мүлкін есепке алу, сақтау және пайдалану оның сақталуын қамтамасыз ету, ұтымды қолдану және жеке құрамды белгіленген нормаларға сәйкес қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

42. Киім-кешек мүлкі әскери бөлімге түскен сәттен бастап белгіленген тәртіппен толық шығарылғанға дейін міндетті есепке алуға жатады.

43. Киім-кешек мүлкін есепке алу, сақтау және дұрыс пайдалануды ұйымдастыру үшін жауапкершілік Азаматтық қорғаныс әскери бөлімінің киім-кешек қызметінің бастығына жүктеледі.

2-параграф. Киім-кешек мүлкін есепке алуды ұйымдастыру

44. Киім-кешек мүлкін есепке алу:

- 1) әскери бөлімнің киім-кешек қызметінде;
- 2) киім-кешек қоймаларында;
- 3) бөлімшелердің қоймалық бөлмелерінде;
- 4) материалдық жауапты тұлғаларда жүргізіледі.

45. Есепке алу:

- 1) мүліктің нақты бар болуын дұрыс көрсетуге;
- 2) оның қозғалысын бақылауға;
- 3) артықшылықтар мен кемшіліктерді жедел анықтауға;
- 4) басқарушылық шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

46. Киім-кешек мүлкін есепке алу:

- 1) қағаз түрінде;
- 2) автоматтандырылған жүйелерді пайдалана отырып электрондық форматта;
- 3) аралас түрде жүргізілуі мүмкін.

47. Электрондық есепке алу қолданылған жағдайда деректердің резервтік көшірмесін жасау және ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау қамтамасыз етіледі.

3-параграф. Киім-кешек мүлкін сақтау

48. Киім-кешек мүлкін сақтау:

- 1) оның арналуын;
- 2) маусымдылығын;
- 3) материалдардың физикалық-химиялық қасиеттерін;
- 4) пайдалану мерзімдерін ескере отырып ұйымдастырылады.

49. Киім-кешек мүлкі:

- 1) түрлері мен санаттары бойынша бөлек;
- 2) жаңа және пайдаланылғаны бөлек;

3) жөндеуге, қалпына келтіруге немесе есептен шығаруға жататыны бөлек сақталады.

50. Сақтау кезінде төмендегілерге жол берілмейтін жағдайлар қамтамасыз етіледі:

- 1) ылғалдың және тікелей күн сәулесінің әсері;
- 2) ластану және механикалық зақымдану;
- 3) жәндіктер мен кеміргіштердің зақымдауы.

51. Сақтауда тұрған мүліктің жай-күйі кезең-кезеңімен тексеріліп, анықталған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылданады.

4-параграф. Киім-кешек мүлкін пайдалану

52. Киім-кешек мүлкін пайдалану жеке құрам тарапынан оның арналуына сәйкес және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери киім нысанын және айырым белгілерін кию қағидаларына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 тамыздағы № 476 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

53. Киім-кешек қызметінің бастығы бөлімше командирлерімен бірлесіп:

- 1) киім-кешек мүлкін пайдалану қағидаларын түсіндіруді;
- 2) белгіленген талаптардың сақталуын бақылауды;

3) жеке құрамда мүлікке ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

54. Төмендегілерге жол берілмейді:

- 1) киім-кешек мүлкін арналуына сай емес пайдалану;
- 2) киім нысаны мен жарақ элементтерін өз бетінше қайта жабдықтау немесе өзгерту

;

- 3) мүлікті оның бүлінуіне әкеп соғатын жағдайларда сақтау.

5-параграф. Мүлікті қарау, қызмет көрсету және қалпына келтіру

55. Киім-кешек мүлкі:

- 1) жоспарлы тексерулерге;
- 2) ағымдағы қызмет көрсетуге;
- 3) уақтылы жөндеуге жатады.

56. Мүлікті тексеру:

- 1) істер мен лауазымды қабылдау және тапсыру кезінде;
- 2) маусымдық киім нысанын ауыстыру барысында;
- 3) тозу немесе зақымдану белгілері анықталған кезде жүргізіледі.

57. Қалпына келтіруге жарамды мүлік киім-кешек қызметінің жөндеу шеберханаларына немесе уәкілетті ұйымдарға жіберіледі.

6-параграф. Есепке алу мен пайдаланудағы заманауи тәсілдер

58. Киім-кешек мүлкін есепке алу мен пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында:

- 1) әскери қызметші бойынша жеке есепке алу;
- 2) мүліктің цифрлық карточкаларын пайдалану;
- 3) партиялар мен пайдалану мерзімдері бойынша таңбалау ұсынылады.

59. Жеке есепке алу тәжірибесі:

- 1) әскери қызметшілердің жауапкершілігін арттыруға;
- 2) шығындар мен негізсіз есептен шығаруды азайтуға;
- 3) киім-кешек мүлкіне қажеттілікті жоспарлауды жақсартуға бағытталған.

60. Киім-кешек қызметінің бастығы әскери бөлімнің мүмкіндіктерін ескере отырып, есепке алу мен сақтаудың заманауи әдістерін енгізеді.

6 тарау. Киім-кешек қызметінің жеке құрамын даярлау және бөлімшелермен өзара іс-қимыл

1-параграф. Жалпы ережелер

61. Киім-кешек қызметінің жеке құрамын даярлау әскери бөлімнің жеке құрамын киім-кешекпен қамтамасыз ету бойынша тұрақты, үйлесімді және сапалы жұмысты қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

62. Даярлау киім-кешек қызметінің лауазымды адамдарына:

1) кәсіби білім мен практикалық дағдыларды;

2) сеніп тапсырылған мүлік үшін жауапкершілікті;

3) қызметтік және жауынгерлік дайындықты қамтамасыз етудегі киім-кешек қызметінің рөлін түсінуді қалыптастыруға бағытталады.

63. Киім-кешек қызметінің бөлімшелермен өзара іс-қимылы жоспарлылық, уақтылылық, өзара жауапкершілік және жеке құрамға құрметпен қарау қағидаттарына негізделеді.

2-параграф. Киім-кешек қызметінің лауазымды адамдарын даярлау

64. Киім-кешек қызметінің бастығын, қоймашыларды және басқа да мамандарды даярлау мыналарды қамтиды:

1) нормативтік құқықтық актілер мен басшылық құжаттарды зерделеу;

2) киім-кешек мүлкін есепке алу, сақтау және пайдалану тәртібін меңгеру;

3) мүлікті қабылдау, беру, қайтару және есептен шығару кезінде іс-қимылдарды практикалық пысықтау.

65. Даярлау:

1) әскери бөлімнің қызметтік даярлық жүйесінде;

2) құжаттарды өз бетінше зерделеу арқылы;

3) тәжірибелі лауазымды адамдардың басшылығымен практикалық қызмет барысында жүзеге асырылады.

66. Ерекше назар:

1) құжаттамамен және есепке алу нысандарымен жұмыс істеу дағдыларына;

2) қызметтік этика нормаларын білуге;

3) жоғары жүктеме жағдайында жұмыс ұйымдастыру қабілетіне аударылады.

3-параграф. Бөлімшелердің материалдық жауапты тұлғаларын даярлау

67. Бөлімше командирлері мен тағайындалған материалдық жауапты тұлғалар:

1) киім-кешек мүлкін қабылдау және сақтау;

2) бөлімшелерде есеп жүргізу;

3) жеке құрам тарапынан мүлікті пайдалануды бақылау мәселелері бойынша нысаналы даярлықтан өтеді.

68. Киім-кешек қызметінің бастығы:

1) материалдық жауапты тұлғаларға нұсқамалар өткізеді;

2) мүліктің бүлінуі, жоғалуы немесе артықтығы анықталған кезде іс-қимыл тәртібін түсіндіреді;

3) бөлімшелерге әдістемелік көмек көрсетеді.

69. Материалдық жауапты тұлғаның міндеттерін өз бетінше орындауға жіберу нұсқама өткізілгеннен және білім тексерілгеннен кейін жүзеге асырылады.

4-параграф. Бөлімше командирлерімен өзара іс-қимыл

70. Жеке құрамды киім-кешекпен қамтамасыз ету бөлімше командирлерімен өзара іс-қимылда жүзеге асырылады, олар:

- 1) киім-кешек мүлкін пайдалану қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) жеке құрамның сыртқы келбеті мен жарақтандырылуын бақылайды;
- 3) мүлікке қажеттілік туралы мәліметтерді уақтылы ұсынады.

71. Киім-кешек қызметінің бастығы:

- 1) бөлімше командирлеріне мүліктің бар болуы туралы ақпаратты жеткізеді;
- 2) мүлікті беру және ауыстыру мерзімдері мен тәртібін келіседі;

3) жеке құрамды қамтамасыз етуге қатысты проблемалық мәселелерді қарауға қатысады.

72. Киім-кешекпен қамтамасыз ету мәселелері негізсіз кідірістер мен жанжал жағдайларын туындатпай, ұйымдасқан түрде шешіледі.

5-параграф. Қызмет көрсету мәдениеті және әскери қызметшіге бағдарлану

73. Киім-кешек қызметінің жұмысы киім-кешек мүлкінің:

- 1) әскери қызметшілердің денсаулығына;
- 2) қызметтік міндеттерді орындауына;

3) тәртіп пен моральдық-психологиялық жағдайға тікелей әсер ететінін ескере отырып ұйымдастырылады.

74. Мүлікті беру және ауыстыруды ұйымдастыру кезінде киім-кешек қызметінің бастығы:

- 1) қызмет көрсетудің түсінікті әрі ашық тәртібін;
- 2) жеке құрамның күту уақытын барынша қысқартуды;
- 3) әрбір әскери қызметшіге сыпайы әрі құрметті қатынасты қамтамасыз етеді.

75. Қызмет көрсету тәсілінің элементтерін енгізу ұсынылады:

- 1) бөлімшелерді беру мерзімдері туралы алдын ала хабардар ету;
- 2) жұмысты роталар (бөлімшелер) бойынша кезең-кезеңімен ұйымдастыру;
- 3) өлшемдерді таңдауда жеке ерекшеліктерді ескеру.

6-параграф. Даярлау мен өзара іс-қимылдағы заманауи тәсілдер

76. Киім-кешек қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында:

- 1) электрондық форматтағы оқу материалдарын пайдалану;
- 2) қоймада тікелей қысқа практикалық сабақтар өткізу;
- 3) материалдық жауапты тұлғалар үшін чек-парақтарды енгізу жол беріледі.

77. Киім-кешек қызметінің бастығы:

- 1) басқа әскери бөлімдердің киім-кешек қызметтерімен тәжірибе алмасуды;
- 2) басқа күштік құрылымдардың үздік тәжірибесін талдауды және оны Азаматтық қорғаныс жағдайына бейімдеуді;
- 3) қызметтің ішкі ұйымдастырылуын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды бастамашылық етеді.

78. Киім-кешек қызметінің жеке құрамын даярлау үздіксіз процесс ретінде қарастырылады және міндеттердің, қызмет жағдайларының өзгеруіне және жинақталған тәжірибеге сәйкес түзетіледі.

7-тарау. Киім-кешек қызметінің жұмысын жоспарлау және қызметтік есептілік

1-параграф. Жалпы ережелер

79. Киім-кешек қызметінің жұмысын жоспарлау әскер бөліміндегі киім-кешек мүлкін ұстау, сақтау және пайдалану бойынша тұрақты, ұйымдасқан және болжамды жұмысын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

80. Жоспарлау мақсаттары:

- 1) қызметтің жұмысын рационалды ұйымдастыру;
- 2) жеке құрамға біркелкі жүктемені қамтамасыз ету;
- 3) маусымдық және қызметтік іс-шараларға уақытылы дайындық.

81. Киім-кешек қызметінің жұмысын жоспарлау кезінде мына жағдайлар ескеріледі:

- 1) әскер бөлімі алдында тұрған міндеттер;
- 2) жеке құрамның саны;
- 3) киім-кешек мүлкін нақты жағдайы;
- 4) маусымдық жағдайлар және азаматтық қорғаныс қызметінің ерекшеліктері.

2-параграф. Жоспарлаудың түрлері

82. Киім-кешек қызметінде келесі жоспарлау түрлері қолданылады:

- 1) жылдық;
- 2) тоқсандық;
- 3) айлық;
- 4) ағымдағы (жедел).

83. Жылдық жоспарлау киім-кешек қызметінің негізгі бағыттарын анықтайды және мыналарды қамтиды:

- 1) мүлікті қабылдау, сақтау және дайындау бойынша іс-шаралар;
- 2) киім-кешек мүлкін маусымдық ауыстыру;
- 3) қоймалар мен бөлмелердің жағдайын жоспарлы тексеру;
- 4) қызмет персоналының даярлығы бойынша іс-шаралар.

84. Тоқсандық және айлық жоспарлау іс-шараларды орындау мерзімдерін нақтылайды, жүктемені лауазымды тұлғалар арасында бөледі және жағдайдағы өзгерістерді есепке алады.

85. Ағымдағы жоспарлауды киім-кешек қызметінің басшысы қажеттілік туындаған сайын жүзеге асырады және ол кенеттен туындаған міндеттерді шешуге бағытталған.

3-параграф. Маусымдық іс-шараларды жоспарлау

86. Маусымдық іс-шаралар киім-кешек қызметінің жұмысының элементі болып табылады және алдын ала жоспарланады.

87. Маусымдық іс-шараларға мыналар жатады:

- 1) жазғы және қысқы киім-кешекті дайындау және беру;
- 2) пайдаланудан алынған мүлікті қабылдау және сақтау ұйымдастыру;
- 3) жылы бөлмелер мен қоймалардың жағдайын тексеру;
- 4) мүлкті күрделі климаттық жағдайларда пайдалануға дайындау.

88. Киім-кешек қызметінің басшысы:

- 1) маусымдық іс-шаралардың мерзімін анықтайды;
- 2) оларды әскер бөлімінің командирімен келіседі;
- 3) әрекет тәртібін бөлімшелерге жеткізеді.

89. Маусымдық іс-шараларды өткізу қызметтің қалыпты ритмін және жеке құрамның тапсырмаларды орындауын бұзбауы керек.

4-параграф. Жоспарлы қызметті құжаттандыру

90. Киім-кешек қызметінің жоспарлы қызметі қызметтік құжаттармен рәсімделеді, олар жүргізіледі:

- 1) қағаз тасымалдағыштарда;
- 2) техникалық мүмкіндік болған жағдайда электрондық форматта.

91. Жоспарлаудың негізгі құжаттары:

- 1) киім-кешек қызметінің жұмыс жоспары;
- 2) мүлікті беру және ауыстыру кестелері;
- 3) қоймалар мен бөлмелерді дайындау кестелері;
- 4) қызмет персоналының қызметтік дайындығы жоспарлары.

92. Жоспарлау құжаттары:

- 1) әскер бөлімінің командирі немесе оның орынбасары мақұлдайды;

2) мүдделі лауазымды тұлғаларға жеткізіледі; 3) қызмет міндеттері немесе жағдайлар өзгерген жағдайда түзетіледі.

5-параграф. Киім-кешек қызметінің есептілігі

93. Киім-кешек қызметінің есептілігі жоғарғы басқару органы қызметінің нақты жағдайы және қабылданған шаралар туралы хабарлау үшін арналған.

94. Есептілік:

- 1) дәл;
- 2) уақытылы;
- 3) мазмұны бойынша түсінікті.

95. Есептілікте көрсетіледі:

- 1) орындалған іс-шаралар;
- 2) киім-кешек мүлкі жағдайы;
- 3) проблемалық мәселелер және олардың туындау себептері;
- 4) қызметтің жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар.

96. Есептілік формалды көрсеткіштер жиынтығына айналмауы керек және нақты жағдайдан шығатыны маңызды.

6-параграф. Жұмысты талдау және жоспарларды түзету

97. Киім-кешек қызметінің басшысы қызметтің нәтижелерін жүйелі түрде талдайды

98. Талдау мыналарды қамтиды:

- 1) жоспарланған іс-шаралардың орындалуын бағалау;
- 2) бұзылулар мен кідірістердің себептерін анықтау;
- 3) бөлімшелермен өзара әрекеттестікті бағалау.

99. Талдау нәтижелері бойынша киім-кешек қызметінің басшысы:

- 1) жоспарларды түзету бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 2) жұмысты ұйымдастыру тәртібін нақтылайды;

3) анықталған проблемалар және оларды шешу жолдары туралы командованиеға хабарлайды.

100. Жоспарларды түзету басқару қызметінің қалыпты элементі ретінде қарастырылады және қызметтің кемшілігі емес.

